

С.Оразалин атындағы ЖОББМ 2022-2023 оқу жылының
«Шабыт» би үйірмесінің жыл бойы жүргізген жұмыстары
бойынша талдама.

2022-2023 оқу жылының басында «Шабыт» би үйірмесінің жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Үйірме мақсаты: Сахна мәдениетін үйрету. Өнерге баулу арқылы, ұлттық өнерге қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың дене бітімін шынықтырып күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу, қабілетін қалыптастыру. Өзін-өзі ұстай білуге тәрбиелеу және өнерді сауатты меңгерту. Оқу жыл басында би үйірмесіне 15 оқушы қамтылды. Олар: Асқар Алуа, Болатова Інкәр, Бауыржанқызы Гүлзерен, Сариман Шапағат, Амандық Айым, Асқар Алина, Жарылғасын Гүлжайнар, Сариман Қызғалдақ, Мейрамбек Айым, Әбдібай Назым, Ақылбекова Ақерке, Әзірбек Айя, Кәрібай Айғаным, Қарасайқызы Таңшолпан, Аманғали Дариға. Сабақ барысында қауіпсіздік ережесімен таныстырып түсіндірме сабақтары жүргізіледі. «Тәуелсіздік мемлекеттік тіл тірегі» атты тілдер күніне орай оқушылардан сұрақ-жауап алынды. Қазан айында отбасы күніне орай «Менің отбасым» атты құттықтауға үйірме оқушылары көңілді би билеп өз үлесін қосты. «Ұстаз ұлы есім» атты ұстаздар күніне орай «Шабыт» би үйірмелерінің оқушылары мерекелік концертке вальс биін тарту етті. 7-10 сынып аралығында «Күз ханшайымы мен ханзада» күзгі бал сайысы өткізілді. Үйірме оқушылары бұл сайысқа «Алма» биін нақышына сай билеп шықты. Республика күніне орай «Менің-Қазақстаным!» атты үйірмелердің бірігіп ұйымдастырылуымен мерекелік концерт өтті. Үйірме оқушылары «Қазақ» биі мен «Алға Қазақстан» флешмоб биін билеп өз өнерлерін көрсетіп шықты.



Желтоқсан айында «Қауіпсіз интернет» оқушылар флешмоб биін биледі. «Өнер» бірлестігінің жоспарға сай «Өнер сүйген, білім сүйген-біз тәуелсіз ұрпақпыз» атты апталық өтті. Апталықта «Үйірмелер жәрмеңкесі», «Қазақ биіндегі қол

қалыптары мен қимылдары» атты ашық сабақ, 7-10 сынып аралығында «Mega DANCE» би байқауы өтті.



Ақпан айларында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында мектепшілік жоспарға сай,соның ішінде үйірме оқушылары арасында дөңгелек үстел барысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Әкешім-асқар тауым» атты дөңгелек үстел барысында үйірме оқушылары өз үлестерін қосты. Наурыз айында аналар күніне орай « Ана-өмірдің шуағы » атты мерекелік концертке үйірме оқушылары көңілді би билеп өз үлесін қосты.Ұлыстың ұлы күні наурызға «Наурыз-думан» атты үйірме оқушыларына наурыз өткізілді.



Бірлік күніне орай «Ынтымағы жарасқан елміз» атты үйірмелердің бірігуімен концерт өтті. «Салауатты өмір салтын қолдаймыз» атты флешмоб ұйымдастырылды. Осы орайда оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін,өмірге құштарлығын,еңбекке, іскерлікке, жауапкершілікке ынтасын арттыруда жеке тұлғанын қалыптасуына би өнерінің әсері ерекше.Алдағы уақытта, оқушылар талай белестерден көрініп,үлкен сахналарда өнерлерін көрсетеді деп сенемін.



Үйірме жетекшісі: *AA* А.Алиева